

Қоғамдық көлікке мінсек, жастар бастарын ұялы телефондарынан алмай не құлаққап киіп ұйықтап, ең сорақысы еңкейген қарияларымызды байқамай не байқамаған кейіп танытып отырады. Кейбір желі қолданушыларының пікірі бойынша: “жастар оқудан не жұмыс жасаудан шаршайды, неге үлкен ата-әжелер қоғамдық көлікке отырып алады, одан қалды жастар орын бермеді деп байбалам салады, жастарды да түсінуге болады ғой, олар да шаршайды, олар да жол ақысына төлеген сон, орын алып отыруға лайықты” деген пікірге келеді. Расымен де, жастарда баяғыдай жалындаған энергия мен күш қуат жоқ. Оған үлкен кісілер тарапының бірден бір себеп деп танитыны- әлеуметтік желі. Түнімен ұялы телефонда отырып қалып, таң атысымен шаршаңқы күйде оқуға тұра алмайды. Сабақ барысында қалғып, шаршап тіпті ұйықтап та отырады. Қолы тисе қайтадан ұялы телефонына үңіліп, білім мекемелерінде оқуға деген құлшынысы мүлде жоқтың қасы деп айта аламыз. Сауатылыққа деген талпынысы да, үлгерімі де төмен. Еліміздің болашағы жастардың қолында болған сон, құйылатын қаржы да, күш те, жастардың дамуы мен оқуына салынуда. Тіпті, ҚР тұңғыш президенті Н.Ә Назарбаевтың жарлығы бойынша 2019 жыл “жастар жылы” деп танылған еді. Сенген жастарымыздан үміт күтуіміздің маңызы бар ма? Жас ұрпақтың зейінін ашу үшін қандай шаралар қолданған дұрыс? Білім мекемелерінде, ұялы телефонға қатаң түрде тыйым салынып, бірақ, компьютер құралдарымен толықтай жабдықтаса. Әр сабақ өз бағыты бойынша, қызық өтсе, кез келген жанның зейіні болар ма еді? Жастарға қызық бағадарламалармен жүргізілсе, мұғалімдермен, кураторлар жастармен бір толқында болып, оларға үлкен түсіністікпен қараса әр қайсысының оқу деңгейін салыстырмалы түрде жоғарлатуға болады. Психологиялық тренингтер, түрлі шаралар, ойындар, әңгімелесу сәттері болса, ұялы телефонына үңілуге асыққандай, оқуына асығатын, таң атысымен сергек жастарды жиі көре алатын едік.